

Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 шілде N 1095

Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқаруды және жекешелендіруді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2001-2002 жылдарға арналған бағдарламасының және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 220 қаулысымен бекітілген 2000 жылға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң жобалау жұмыстарының жоспарына "Мемлекеттік мүлік мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын енгізу жөнінде шаралар қабылданын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 21 шілдедегі
N 1095 қаулысымен мақұлданған

**Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру
Концепциясы**

Астана қаласы, 2000 ж.

Кіріспе

Осы Концепция мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың негізін анықтайды.

Басқару деп мемлекеттік мүліктің барлық түрлерін: мемлекеттік мүлікті пайдаланудан түсетін салықтық түсімдердің есебінен республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайту; мемлекеттік меншіктің құрылымын оңтайландыру; мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру процесіне қатыстыру; мемлекеттік меншікті экономикаға инвестициялар тарту құралы ретінде пайдалану;

мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-экономикалық көрсеткіштерін басқаруды жақсарту жолымен жақсарту мақсатында пайдалануға байланысты қатынастардың жиынтығы түсіндіріледі.

Осы Концепцияда Қазақстан Республикасының жері, жер қойнауы, ормандары мен басқа да табиғи ресурстары (жылжымайтын объектілерге байланысты жер учаскелерін қоспағанда), зиялылық меншік объектілері мен осы объектілерге құқықтар қарастырылмады.

Осы Концепция екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде мемлекеттік мүлікті тиімді басқаруды арттыруға тікелей бағытталған ағымдағы жағдай, мақсаттар, міндеттер мен міндеттерді іске асыру механизмдері қарастырылады.

Екінші бөлімде қолайлы экономикалық ортаны құруға және тауарлар мен қызмет көрсетулерді отандық өндірушілер жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік мүлікті жекешелендіру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері қарастырылған.

1 бөлім. Мемлекеттік мүлікті басқару

1.1. Мемлекеттік мүлікті басқару жүйесінің мақсаттары, міндеттері және оны ұйымдастыру

Мемлекетте қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай мемлекеттік мүлікті басқару және оған билік ету саласындағы принциптер мен басымдықтарды анықтаудың, экономикалық даму процесін реттеуде мемлекеттің ролін күшейтудің қажеттігін туғызады. Бұл өзінің қоғамдық маңыздылығына орай мемлекеттік реттетуді объективті қажет ететін, ал белгілі бір жағдайларда тек қана мемлекеттің қатысуын талап ететін экономиканың бірқатар салаларының бар екендігімен түсіндіріледі.

Мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы мемлекеттік саясат мынадай

мақсаттарды :

мемлекеттік мүлікті пайдаланудан түсетін салықтық түсімдердің есебінен республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайтуды (мұндайлар ретінде мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін кірістерді қарастырмай-ақ);

мемлекеттік-экономикалық саясаттың мүддесін және мемлекеттің белгілі бір салалар мен нақтылы кәсіпорындарды реттеу жөніндегі стратегиялық міндеттерді шешуін ескере отырып, мемлекеттік меншіктің құрылымын (құрамын) оңтайландыруды ;

мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру процесіне осы мүліктің ең көп санын қатыстыруды ;

мемлекеттік мүлікті экономикаға инвестициялар тарту құралы ретінде пайдалануды (осы мүлікпен қамтамасыз етуді);

мемлекеттік мүлікті шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында пайдаланатын заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттің қатысу үлесі бар заңды тұлғалар қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін ішкі қайта құруларға ықпал ету және оларға тиесілі емес функцияларды орындауды тоқтату есебінен арттыруды іске асыруды ескере отырып құрылуы тиіс.

Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін республикалық және жергілікті атқарушы өкімет органдары мынадай міндеттерді:

мемлекеттік мүліктің барлық түрлеріне қатысы бойынша меншік құқығы субъектісі ретінде бірыңғай Уәкілетті органды* анықтауды;

* Осы Концепцияның мақсатында Уәкілетті орган деп - ҚР Үкіметі (әкімшілік-аумақтық бірліктің Әкімі) анықтайтын және мемлекеттік мүлікке қатысты меншік құқығының субъектісі болып табылатын мемлекеттік республикалық (коммуналдық) мекеме түсіндіріледі.

мемлекеттік мүліктің түрлері бойынша тиісті есептің тізілімін жасай отырып, барлық мемлекеттік меншік объектілерін толық түгендеуді жүзеге асыруды;

қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес Уәкілетті органның оның есеп тізіліміне енген мемлекеттік мүлікке меншік құқығын ресімдеуді;

мемлекеттік мүлікті басқару рәсімін егжей-тегжейлі құқықтық регламенттеуді және таңдап алынған басқару тәсілінің экономикалық негіздемесін әзірлеуді;

мемлекеттік меншік объектілерін басқару ерекшелігін анықтайтын белгілері бойынша сыныптауды ;

басқару объектілерінің санын оңтайландыруды және объект бойынша басқаруға көшуді ;

мемлекеттік меншіктің әрбір объектісі немесе объектілер тобы бойынша мемлекеттік басқарудың мақсаттарын қалыптастыруды;

заңды тұлғалардың акционері (қатысушысы) ретінде мемлекеттің құқығын сақтауды қамтамасыз етуді ;

мемлекеттік мүлікті тиімді басқаруға және оның мемлекеттік мүлікті тікелей пайдалануды жүзеге асыратын басқару органының* сақтауына іскерлік бақылауды қамтамасыз етуді ;

* Осы Концепцияның мақсатында Басқару органы деп - Қазақстан Республикасының Үкіметі (Уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамалық және нормативтік кесімдерінде белгіленген шекте, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқару шартымен мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі өкілдіктермен бөлінген заңды және жеке тұлғалар түсіндіріледі.

мемлекеттік мүлікті тиімді пайдаланудың есебінен республикалық және жергілікті бюджеттерге қосымша кірістердің түсуін қамтамасыз етуді шешуі қажет.

Осы Концепцияны іске асырудың міндеттері Қазақстан Республикасының барлық атқарушы өкімет органдары үшін басым болып табылады.

Осы Концепцияның негізіне көрсетілген мақсаттарға жетуді және олардан туындайтын міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін мемлекеттік мүлікті басқарудың мынадай принциптері алынған;

Басқару мақсатын анықтау

Әрбір мемлекеттік меншіктің объектісіне (объектілер тобына) қатысты, мемлекет алдына қойған және осы объект оған қол жеткізуге қызмет ететін мақсат анықталуы және белгіленуі тиіс.

Мемлекеттік меншік объектілерінің бірнеше түрлерін басқару жөніндегі мемлекет мақсаттарының тізбесі тиісті құқықтық кесімдермен анықталуы тиіс.

Мақсатқа жетудің тәсілін таңдау және оны жүзеге асыруға жауапкершілік

Мемлекет мемлекеттік меншік объектілерінің көптүрлілігіне, олардың ерекшелігіне, уақытылы және дәл басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін қажетті әрбір мемлекеттік меншік объектісінің жағдайы туралы көкейтесті ақпаратты жедел өңдеудің мүмкін еместігіне орай, көп жағдайларда мақсатқа жетудің тәсілдерін, яғни мемлекеттік меншік объектісіне қатысты нақтылы іс-шаралардың егжей-тегжейлі, экономикалық негізделген жоспарларын анықтай алмайды және анықтауы тиіс емес. Мақсатқа жетудің тәсілі басқару органының белгіленген тағайындау рәсімінің (әдетте, конкурстық) шеңберінде анықталады және Уәкілетті орган, ұлттық компаниялар үшін - Үкімет бекітеді.

Мақсатқа жетудің бекітілген тәсілін жүзеге асыруға жауапкершілік басқару органына жүктеледі және оған тиесілі қызметті ынталандырып қана қоймай, және де сонымен бірге, басқарудың жоспарланған сапалы нәтижесіне жетпеген кезде мемлекеттің тәуекелін неғұрлым азайтуы тиіс.

Басқару жүйесін құру

Басқару жүйесі мақсатқа жетудің тәсілін анықтаудың міндетті тәртібін қамтамасыз ету, мемлекеттік органдарымен және басқару органдарымен басқарушылық шешімдерді қабылдаудың тәртібін, басқару органын таңдаудың тәртібін регламенттеу,

басқару органын мотивациялау, мемлекеттік меншік объектілерін және басқару органының қызметін бақылау, мемлекеттік органдар мен басқару органдарының есептілікті ұсынуы, бақылау және есептілік нәтижелерін талдаудың негізінде басқарушылық шешімдерді қабылдау, басқарудың нәтижелеріне жауапкершілік, басқару органы мен мемлекеттік меншік объектілерінің жұмысы туралы ақпараттың тұрақты түсуі, оны өңдеу және талдау элементтерінің бөлінбейтін бірлігі ретінде пайдалану маңызды принцип болып табылады.

Басқару жүйесінің жұмыс істеуі мен мемлекеттік органдардың өзара әрекет етуінің тәртібі тиісті құқықтық кесімдермен егжей-тегжейлі регламенттелуі тиіс.

Басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету

Басқарудың тиімділігі материалдық және қаржылық ресурстардың барлық түрлерін мүмкіндігінше үнемдеу жолымен басқарудың мақсатына жетумен (қызметтің белгіленген сапалы нәтижесіне немесе басқару объектісінің жағдайына) түсіндіріледі. Басқарудың тиімділігінің мұндай түсінігін ескере отырып, мемлекеттік мүлікті басқару шарттарының ережелерін анықтауға өту қажет.*

* Осы Конвенцияның мақсатында Мемлекеттік мүлікті басқару деп - мемлекеттік мүлікті басқару органының мемлекеттік мүлікті сақтауға, тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге және жаңартуға бағытталған функциясы.

Тиімді басқаруды кәсіби басқарушыларды (менеджерлерді) тартпай-ақ жүзеге асыру мүмкін емес, осыған байланысты мемлекеттік органдар қызметкерлерінің ішінен осындай басқарушыларды аттестациялау және даярлау жүйесін құру қажет. Сонымен бірге, мемлекеттік мүлікті басқаруға тиісті жұмыс тәжірибесі мен атағы бар мемлекеттік емес заңды тұлғаларды да тартқан орынды.

Басқару принциптері, сондай-ақ оларды іске асыруға ұмтылу акциялары мемлекеттің меншігіндегі, Қазақстан Республикасының үлесі шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жылжымайтын мүлік сияқты мемлекеттік меншіктің объектілеріне қатысты мынадай логикалық ретте нақтыланады:

а) жағдайды бағалау (сандық сипаттама, объектілерді сыныптау, мемлекеттік органдар арасында өкілдіктерді бөлу, істің мән-жайы мен негізгі қорытындылар);

б) басқарудың мақсаттары мен міндеттерін қою;

в) басқарудың ұсынылып отырған механизмі (мақсатқа жету мен алға қойылған міндеттерді шешу алгоритмі, басқару механизмін тиімді іске асыруды қамтамасыз ету үшін әзірлеу немесе өзгерту қажет құқықтық кесімдердің тізбесі);

г) басқарудың тиімділігін бақылау.

1.2. Республикалық және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды басқару (бұдан әрі - мемлекеттік кәсіпорындар)

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 1 983 республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен 3 716 коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар есепке алынды.

1.2.1. Мемлекеттік кәсіпорынды басқарудың заңды негізі

Мемлекеттік кәсіпорындарды басқару жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығының нормаларымен регламенттелінеді. Осы Жарлыққа сәйкес мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын органдар мен басқару органдары министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар мен өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар болып табылады. Осы функцияларды жүзеге асыру өзіне мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіру туралы не жекешелендірудің алдағы кезеңдері туралы шешімдерді қабылдау жөніндегі өкілдіктерді қамтымайды. Мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіру туралы (оның алдағы кезеңдері) шешім қабылданған күннен бастап кәсіпорынға билік ету жөніндегі мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясы осындай шешім қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органға, яғни Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне а у ы с а д ы .

Республикалық мемлекеттік кәсіпорынды құру Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімдері негізінде коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынды құру - жергілікті әкімшілік басшысының шешімі бойынша өтеді. Мемлекеттік кәсіпорынның құрылтайшысы болып уәкілетті орган әрекет етеді.

Құрылған кезде мемлекеттік кәсіпорын жедел басқару құқығында немесе шаруашылық жүргізу құқығында оған бекітілген мүлікпен бөлінеді. Көрсетілген мүлікті оған меншік иесі, яғни Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің атынан мемлекет береді және осы кәсіпорынның бухгалтерлік балансында көрініс табады және барлық осы мүлікке кәсіпорын несие берушілер алдындағы өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығы "Кәсіпорынның заңды тұлға ретіндегі органы меншік құқығы субъектісі немесе басқару органы тағайындайтын оның басшысы болып табылады және басшымен қарым-қатынас келісім-шарт арқылы ресімделуі мүмкін" деп анықтайды.

Сонымен бірге, мемлекеттік кәсіпорынды және оған тиесілі мүлікті басқару процесінде екі заңнамалық кесім қолданылуы мүмкін:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығы .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығы мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендірудің тәртібін бірыңғай мүліктік кешен ретінде анықтайды, ал

кәсіпорынның мүлкі мемлекеттік кәсіпорын тараған жағдайда ғана, жекелеген жекешелендіру объектісі болуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің " Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығы мүлктік кешеннің бөлігін құрайтын мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін уәкілетті органмен (мұндайлар министрліктер мен ведомстволар болып табылады) келісім бойынша мемлекеттік кәсіпорынның өзі сату тәртібін анықтайды.

1.2.2. Істің ағымдағы жағдайы және мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізу құқығын пайдалану бойынша бар кемшіліктері

Мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі мен оларды басқарудың жағдайы бойынша істің жалпы мән-жайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті жүргізген тексерістердің нәтижелерінен көруге болады. 1999 жылдың 1 жартыжылдығында 76 мемлекеттік кәсіпорын тексерілді. Бұл саннан - кәсіпорындардың 34,2% қызметінің қорытындылары бойынша пайда түсірді, қалғаны - кәсіпорындардың 65,8% залалды болып табылады. Алынған пайданың жалпы сомасы 167 412 200 теңгені құрады, оның ішінде бюджеттің кірісіне тек қана 65 250 теңге немесе 0,04% аударылды. Бұл деректер мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің тиімсіздігінің басымдығы туралы, мемлекеттік кәсіпорындар өздерінің пайдасының бөлігін мемлекетке аудару жөніндегі міндеттемелерді елемейтіндігі туралы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тарапынан бақылаудың мүлдем болмауы туралы куәландырады.

Енді бір мысал ретінде мына кестені келтіруге болады:

	!1997 жыл	!1998 жыл	!1999 жыл	! 2000 жыл
	!	!	!	! (б о л ж а м)
Мемлекеттік кәсіпорындардың с а н ы	2765		3846	5699
Мемлекеттік бюджеттің алған кірістерінің с о м а с ы	328 800	113 730	34 080	55 700
		(мың	теңге)	

Келтірілген кестеден мемлекеттік кәсіпорындардың жалпы санының өсімі және бір мезгілде мемлекеттік бюджеттің алатын кірістерінің азаюы анық көрінеді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы бақылау комитетінің тексеріс нәтижелері бойынша мемлекеттік кәсіпорындардың көпшілік бөлігі (пайда алатындары) оның белгіленген бөлігін мемлекеттік бюджетке аударуды жүргізбейді, бұл осы кәсіпорындарды басқару жөніндегі істің жағдайын анық сипаттайды.

Сол сияқты меншік құқығы субъектісінің мемлекеттік кәсіпорынның мүлкіне қатысты функцияларын іске асыруға байланысты проблеманы да көрсету қажет. Салалық министрліктер мен ведомстволар мемлекеттік кәсіпорынға бекітілген мүлкті

жекешелендіру мәселелерінде Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетін жиі ауыстырады. Бұл мемлекеттік басқару органына мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін иеліктен шығару және оның ауыртпалығы келісімі жөніндегі құқық берілуінің нәтижесінде жүргізіледі, бұл, сол сияқты, Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" және "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Жарлықтарының нормаларын таңдап қолданудың немесе оларды еркін түсінудің салдарынан болып табылады. Мемлекеттік мүддені шеттетудің нақты мүмкіндігі туындайды.

Бұдан басқа, мемлекеттік кәсіпорындар мен олардың басшылары жұмысының тиімділігін бағалау жүйесінің және мемлекеттік Басқару органы тарапынан тиісті бақылаудың жоқтығы, бірінші басшының қызметін жеткіліксіз құқықтық реттелуі әртүрлі қаржылық теріс пайдаланушылықтар үшін нақты мүмкіндіктер жасайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

мемлекеттік кәсіпорындардың саны мемлекеттің нақты талаптарына, олардың қызметін басқару және бақылау жөніндегі оның мүмкіндіктеріне сәйкес келмейді;

мемлекеттік кәсіпорынды басқарудың қолданылып жүрген жүйесі тиімсіз және күрделі реформалауды талап етеді;

мемлекеттік кәсіпорындардың көпшілік бөлігінің қызметі, әдетте, тиімсіз, бұл республиканың және облыстардың бюджеттеріне кірістердің жете түспеуіне әкеп соқтырады;

мемлекеттік кәсіпорындар мемлекетке жүктелген әлеуметтік міндеттерді шешуге қандай тәсілмен қатысатындығы туралы қорытынды жасау мүмкін емес;

шаруашылық жүргізу құқығының заңды құрылымы мемлекеттік кәсіпорынға меншік иесінің келісімінсіз оның мүлкіне иелік ету, оны пайдалану және басқару жөніндегі құқықтардың кең ауқымын береді.

1.2.3. Мемлекеттік кәсіпорындарды басқарудың мақсаттары

- Мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілген мемлекеттік мүлікті тиімді пайдаланудан түсетін салықтық емес түсімдердің барлық деңгейдегі бюджеттерге түсуінің артуы.

- Қазыналық мемлекеттік кәсіпорындарды ұстауға және дотациялауға арналған барлық деңгейдегі бюджеттердің шығыстарының төмендеуі.

1.2.4. Мемлекеттік кәсіпорындарды басқарудың міндеттері

Мемлекеттің нақты талабы мен мүмкіндігін ескере отырып, мемлекеттік кәсіпорындардың санын оңтайландыру.

Мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты меншік құқығы субъектісі болып табылатын бірыңғай Уәкілетті органды анықтау.

Мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты басқару органдарын анықтау.

Мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыру

Мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін бақылау және талдау жүйесін құру.

Мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты есеп объектісін анықтау.

1.2.5. Мемлекеттік кәсіпорындарды басқарудың механизмі

Ең алдымен, республикалық (коммуналдық) мемлекеттік кәсіпорындардың жалпы тізбесін оларды жедел басқару және шаруашылық жүргізу белгісі бойынша бөлетіріп жасау қажет.

Бұдан әрі, мемлекеттік кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдануы, оларды құрудың және олардың қызметінің мән-жайы мен мақсаттары және осыны ескере отырып, оларға қажетті мүліктің тізбесі нақты анықталуы тиіс.

Мемлекеттік кәсіпорындардың санын оңтайландыру мақсатында "мемлекеттік кәсіпорын" құқықтық-ұйымдастыру нысаны өзге құқықтық-ұйымдастыру нысанын қолдану мүмкін болмаған жағдайда ғана пайдаланылуы тиіс. Бұл құқықтық-ұйымдастыру нысанын пайдалану:

- мүлік жекешелендіруге жатпайтын;
- мүлік ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттің жұмыс істеуі үшін стратегиялық маңызды қызмет салаларында мемлекеттің мүддесін қамтамасыз ету үшін арналған;
- мүлік мемлекеттің әлеуметтік міндеттерін шешу жөніндегі қызметті жүзеге асыру (мемлекеттік міндеттемелерді атқару) үшін арналған;
- стратегиялық маңызды және ерекше өнімді әзірлеген және дайындаған;
- дотацияланатын қызметті жүргізген, залалды шаруашылық қызметті жүргізген (әлеуметтік тапсырысты орындаған);
- мемлекеттік қауіпсіздікке және мемлекеттің стратегиялық мүддесіне байланысты салаларда ғылыми-зерттеу қызметін жүргізген;
- ұлттық қауіпсіздікке немесе мемлекеттің стратегиялық мүддесін іске асыруға байланысты басқа да қызметті жүзеге асырған жағдайда болжанады.

Қызметті жоғарыда аталған мақсаттарға сәйкес келмейтін кәсіпорындарға қатысты оларға жүктелген міндеттерге орай басқа ұйымдастыру-құқықтық нысандағы заңды тұлғаларға қайта ұйымдастыруды жүргізу не оларды таратуды жүргізу орынды.

Бұдан әрі, мемлекеттік кәсіпорындарды: әлеуметтік міндеттерді шешу (мемлекеттік міндеттемелерді атқару) үшін құрылған және өзінің шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша пайда табуы тиіс деп бөлу керек. Бұдан кейін әрбір кәсіпорын қызметінің мақсатын, қажетті мүлкінің құрамын, сондай-ақ олардың шаруашылық қызметін қаржыландыру және бақылау тәртібін анықтау керек.

Мемлекеттік кәсіпорындарды Уәкілетті органға есептеу объектісіне меншік құқығын тіркеу жүргізілуі тиіс.

Кейіннен, Уәкілетті орган:

- мемлекеттік кәсіпорындарды басқару органының олардың кәсіпорындарының

- алдында тұрған мақсаттарға жету тәсілі бойынша ұсыныстар беру;
- қаржы-шаруашылық қызметті жүргізудің ағымдағы және перспективалы жоспарларын анықтау және бекіту, оларды мерзімді беру, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалаудың критерийлерін анықтау;
 - мемлекеттік кәсіпорындардың бірінші басшыларын, сондай-ақ жоғарғы басқарушылық звеноның басқа да менеджерлерін аттестациялауды өткізу;
 - мемлекеттік кәсіпорынның бірінші басшысын бекітуге арналған конкурс өткізудің тәртібі мен ережесін әзірлеу және бекіту;
 - мемлекеттік кәсіпорынның үлгілік жарғысын және бірінші басшымен оларды Уәкілетті органда міндетті түрде есептеуді жүзеге асыра отырып келісім-шарт әзірлеу және бекіту. Қолданылып жүрген жарғылар мен келісім-шарттарды үлгіліктерге сәйкес к е л т і р у ;
 - мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі мен қаржы-шаруашылық жағдайы туралы мәліметтердің бірыңғай ақпараттық жүйесін жасау;
 - мемлекеттік кәсіпорындардың бекітілген нысан бойынша нәтижелерді ресімдей отырып, міндетті жыл сайынғы аудиторлық тексерістер жүргізу;
 - жыл сайын тиісті бюджетке аударуға жататын пайданың бөлігін белгілеу;
 - шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың деректерін Мемлекеттік мүліктің тізіліміне* енгізу бөлігінде талаптардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады.

* Осы Концепцияның мақсатында Мемлекеттік мүліктің тізілімі деп құндық мәнде мемлекеттік мүліктің құрамын, оны орналастыруды және пайдалануды сипаттайтын мәліметтердің жүйеленген жиынтығы түсіндіріледі. Меншік құқығын мемлекеттік мүлікке және олармен жасалатын мәмілелерге мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді қамтиды.

1.3. Мемлекеттік мекемелерді басқару

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 2 503 мемлекеттік мекемелер, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын 13 500 мемлекеттік мекемелер есепке алынған.

1.3.1. Мемлекеттік мекемені басқарудың заңды негізі

Бұл ұйымдастыру-құқықтық нысан тек мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын коммерциялық ұйымдарды құру кезінде және басқарушылық, әлеуметтік-мәдени және өзге де коммерциялық емес сипаттағы функцияларды жүзеге а с ы р у ү ш і н п а й д а л а н ы л а д ы .

Мемлекеттік мекемелерді құрудың тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, сондай-ақ бірқатар нормативтік кесімдерде регламенттелген.

Мемлекеттік мекемелерді құру құқығы Азаматтық кодекске сәйкес Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және

жергілікті атқарушы өкімет органдарының басшыларына бөлінген. Мемлекеттік мекемеге қазыналық мемлекеттік кәсіпорын сияқты жедел басқару құқығындағы мүлік үлестіріліп беріледі.

Жедел басқару құқығы меншік иесінен мүлік алған және заңнамалық кесімдерде белгіленген шекте осы мүлікке иелену, оны пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік мекеменің заттай құқығы болып табылады.

Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемесі бойынша оның иелігінде бар ақша қаражатына ғана жауап береді, ал олар жеткіліксіз болған жағдайда, оның міндеттемелері бойынша жауапкершілікке Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе тиісті жергілікті атқарушы орган жауап береді.

1.3.2. Істің ағымдағы жағдайы және мемлекеттік мекемелердің мүлікті пайдалану бойынша бар кемшіліктері

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті жүргізген тексерістердің нәтижелері бойынша 1999 жылы мемлекеттік мекемелерді ұстауға бөлінген 234 425 100 теңге сомасында бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану , 16 309 500 теңге (1999 жылдың бірінші жарты жылдығында) сомасында ақша қаражатын тонау фактілері анықталды. Сол сияқты мемлекеттік мекемелердің олар алып отырған объектілерді жалға беру жағдайлары анықталған, бұл ретте жалға алушылардан алынған ақша қаражаты бюджеттің кірісіне жіберілмейді, ал оларды ұстауға арналған сметаларға тиісті түзетусіз мемлекеттік мекемелердің жеке мұқтаждарына пайдаланылады. Бұдан басқа, үй-жайды жалға алушылардың тиесілі жалдау ақысын төлемеуі жиі кездеседі.

Аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеттерінің 1999 жылы жүргізген мемлекеттік мекемелер алып отырған алаңдарды түгендеудің барысында 156 мың шаршы метр артық алаң анықталды, бұл олардың жалға беруден алатын қосымша кіріс көздері болып табылуы мүмкін.

1.3.3. Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті басқарудың мақсаттары мен міндеттері

Мемлекеттік мекемелерді олардың алдына қойған міндеттерін іске асыру үшін қажетті мүлікпен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік мекемелерді ұстауға арналған барлық деңгейдегі бюджеттердің шығыстарын төмендету.

Мемлекеттің нақтылы қажеттілігін ескере отырып, мемлекеттік мекемелердің санын оңтайландыру.

Қазіргі уақытта мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүліктің тізбесін анықтау.

Мемлекеттік мекемелердің өздерінің функцияларын жүзеге асыру үшін нақты қажетті мүлкін анықтау.

Мемлекеттік мекемеге, Уәкілетті органға бекітілген мүлікке меншік құқығын тіркеу

Мемлекеттік мекемелердің оларға бекітілген мүлікті пайдалануын бақылау жүйесін құру.

1.3.4. Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті басқарудың механизмдері

Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті басқарудың негізі, мемлекеттік мекеме атқаратын функцияларға, оның сандық және сапалық сәйкестігін бақылау жүйесін құру болып табылады.

Ол үшін мынадай іс-шаралар өткізу қажет:

Мемлекеттік мекемелердің санын қолданылып жүрген заңнамамен анықталған, олардың нақты атқарып жатқан функцияларының сәйкестігін бағалау жолымен оңтайландыруды жүргізу.

Мемлекеттік мекемелердің санын оңтайландыруды жүргізгеннен кейін, оларға жүктелген міндеттерді атқару үшін қажетті, олардың әрқайсысына бекітілген мемлекеттік мүліктің құрамын анықтау және артық мүлікті жедел басқарудан алып қою қажет.

Мемлекеттік мекемелердің Уәкілетті органдағы мүлкіне меншік құқығын тіркеуді жүргізу.

Мемлекеттік мекемелердің мүлікті мақсатты пайдалануын бақылауды тұрақты жүзеге асыру.

1.4. Акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы акцияларын, қатысу үлестерін басқару

1.4.1. Акцияларды (үлестерді) басқару жағдайын бағалау

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы акцияларының мемлекеттік пакеті республикалық меншікке жатқызылған 242 акционерлік қоғамдарда қатысушы (акционер) болып табылады.

Жарғылық капиталына мемлекеттің қатысу дәрежесіне орай акционерлік қоғамдар мынадай тәсілмен сыныпталуы мүмкін:

Мемлекеттік меншіктегі акциялардың проценті	Акционерлік қоғамдардың саны

100%	94
100%-тен 67%-ке дейін	83
67%-тен 51%-ке дейін	7
51%-тен 34%-ке дейін	32
34%-тен 5%-ке дейін	25
5% - тен төмен	1

Ұйымдастыру-құқықтық нысанға байланысты жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі бар ұйымдардың мынадай топтарын бөліп көрсетуге болады:

Ашық акционерлік қоғамдар 213
Жабық акционерлік қоғамдар 29

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы 188 серіктестікте қатысушы болып табылады.

Акциялардың мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтер мыналарды құрады:

1997 жылы - 802 117 мың теңге;

1998 жылы - 1 195 550 мың теңге;

1999 жылы - 1 039 563 мың теңге.

Мемлекеттік меншік болып табылатын акцияларды (қатысу үлестерін) басқару жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірқатар қаулыларымен регламенттелген, оның ішінде:

"Мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру туралы" 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1207 ;

"Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 ;

"Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 ;

"Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 ;

"Шаруашылық серіктестіктерінде мемлекеттің атынан акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және қатысудың мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асырудың жекелеген мәселелері" туралы 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 .

Мемлекет акционердің (қатысушының) құқығын "Акционерлік қоғамдар туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда аталған қаулыларына сәйкес қазіргі уақытта республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетін (қатысу үлестерін) басқару мынадай тәсілмен жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттыру жөніндегі қысқа мерзімді кезеңдерге әзірленетін мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде акциялардың мемлекеттік пакетін (қатысу үлестерін) сатуға жататын тізбелерді, сондай-ақ акционерлік қоғамдарға қайта құрылуға жататын мемлекеттік кәсіпорындардың тізбелерін анықтайды;

Қазақстан Республикасының Үкіметі акциялардың мемлекеттік пакетін (қатысу

үлестерін) сату туралы шешім қабылдайды, Қазақстан Республикасының өкілдерін басқару органдарына, бақылау органдарына және жарғылық капиталында акциялардың мемлекеттік пакеті (қатысу үлестері) бар акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тексеру комиссияларына тағайындаудың тәртібін анықтайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті акциялардың мемлекеттік пакетіне (қатысу үлестеріне) билік ету функциясын жүзеге асырады, Мемлекеттік мүлік есебінің тізілімін жүргізуді ұйымдастырады, мемлекеттің атынан акционерлік қоғамдардағы (шаруашылық серіктестіктердегі) акционердің (қатысушының) құқығын жүзеге асырады не бұл құқықтарды салалық министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдарға береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі олар бойынша салалық министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдардың, олар шаруашылық серіктестіктер акцияларының мемлекеттік пакетін және мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асырған кезде басқарушылық шешімдерді қабылдауы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен міндетті түрде жазбаша келісуін талап ететін бірқатар мәселелерді анықтады.

Акционерлік қоғамдардың басқару органдарын (Директорлар кеңесін) қалыптастыру кезінде салалық министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдар міндетті түрде олардың құрамына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің өкілдерін қосады. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, оның иелігінде акцияларының мемлекеттік пакеті бар акционерлік қоғамдар бойынша, Директорлар кеңесінің құрамына министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдардың өкілдерін (қызметкерлерін) енгізеді.

Осылайша, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің басқару органдарындағы Үкіметтің өкілдері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің, салалық министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тағайындайды немесе сайлайды. Акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің басқару органдарына Үкімет уәкілеттік берген кәсіпқой менеджерлердің қатысу тәжірибесі қазіргі уақытта ж о қ .

Үкіметтің өкілдерін акционерлік қоғамдардың басқару органдарына тағайындаудың қолданылып жүрген жүйесі күрделі және әртүрлі деңгейлерде келісуді талап етеді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының барлық аумағында бытыраңқы орналасқан экономиканың әртүрлі салаларында өзінің қызметін жүзеге асыратын бірнеше акционерлік қоғамдардың басқару органдарына мемлекеттік қызметшілердің қатысуы тікелей лауазымдық міндеттерін бірге атқарған кезде тиімсіз екендігі көрінді. Мемлекеттік қызметшілердің басқа жұмысқа ауысуы Директорлар кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу мақсатында кезектен тыс жиналыс өткізудің қажеттігін туғызады, бұл

мұндай шешімдерді қабылдаудың қолданылып жүрген тәртібі бойынша қажетті келісімдерді талап етеді (мемлекет 100 пайыз қатысатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерді қоспағанда).

Қазіргі таңда шаруашылық субъектілерді басқару органдарындағы Үкіметтің өкілі басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде басшылыққа ала алатын және олар бойынша мемлекеттің мүддесі тарапынан оның қызметінің тиімділігіне баға бере алатын критерийлер жүйесі жоқ.

Айтылғандарды ескере отырып, шаруашылық серіктестіктер мен қоғамдардың жарғылық капиталындағы акциялардың мемлекеттік пакетін, қатысу үлестерін басқару көп жағдайда тиімсіз болып табылады және мынадай себептер бойынша едәуір жетілдіруді талап етеді:

Үкімет өкілдерінің мемлекеттік қызметшілерді акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің басқару органдарына және тексеру комиссияларына тағайындаудың қолданылып жүрген тәртібі мемлекеттік меншіктің нақты объектісінің ерекшелігін ескере отырып, олардың кәсіби сапасын, біліктілігі мен даярлауды бағалаудың ықпалды механизмдерін көздемейді. Басқарудың бұл жүйесінің шеңберінде мемлекеттің тәуекелін едәуір азайтатын өкілдер қызметінің нәтижесіне мүліктік жауапкершіліктің мұндай шараларын қолдану мүмкін емес;

Қазақстан Республикасы өкілдерінің қызметі мемлекеттің мақсаты мен мүддесінің жеке түсінігіне негізделетіндіктен, ал заңды тұлғаның басқару органдарымен шарттарда нақтылы міндеттер қою және осы міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралардың бағдарламасы болмағандықтан, бұл, бір жағынан, басқару органдары қызметінің тиянақсыздығына, олардың (басқару органдарының) мемлекеттік мүдде түсінігін бұрмалауына, екінші жағынан - басқарудың тиімсіздігіне жауаптылық шараларын қолдану үшін негіздеменің жоқтығына әкеп соғады;

Үкіметтің өкілдерін акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің басқару органдарына және тексеру комиссияларына таңдаудың, даярлау мен бағалаудың нақтылы және бірыңғай жүйесі, мемлекеттің мақсатына жету тәсілдерін әзірлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы өкілдерінің есептілігі, оларға бақылау, олардың өкілдіктерінің шегін анықтауға негізделген тәсілдер жоқ;

Үкімет қатысатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердегі істің жағдайы туралы ақпаратты алудың, жүйелеудің және жинақтаудың тәртібі жоқ;

Үкіметке тиесілі акцияларды иелік етуге және пайдалануға берудің қолданылып жүрген тәртібі акционерлік қоғамды басқару жөніндегі ұсыныстарды дайындаудың қажеттігін, сондай-ақ есептілік, бақылау, жауапкершілік шараларын қолдану үшін негіздемелер тәртібін анықтамайды;

осы ұйымдарда басқару органдарының белгілі бір шешімдерін қабылдауға ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз ететін, осы ұйымдардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің мөлшерін ескере отырып, Үкімет акционер (қатысушы) болып табылатын

акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің сыныптамасы жоқ;
акционерлік қоғамдардың құрылтайшы құжаттары мемлекеттік мақсатына жету талаптарына және оның мүддесін қорғауға сәйкес келмейді;
қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелерін талдау және мониторингі жүйесі жоқ.
Мүмкін, сондықтан 2000 жылға арналған республикалық бюджетте акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтердің түсуі 342 000 мың теңге сомасында құрылған, бұл кірістердің жалпы сомасының 0,12% немесе салыққа жатпайтын түсімдердің 0,17% ғана құрайды.

1.4.2. Акцияларды (үлестерді) басқарудың мақсаттары мен міндеттері

Акцияларды (үлестерді) басқарудың мақсаттары:

1. Мемлекеттің қызметінің нәтижелеріне салынатын салықтарды төмендетуі үшін алғышарттар жасайтын республикалық бюджеттің салыққа жатпайтын кірістерін ұ л ғ а й т у ;

2. Басқару органдарындағы өкілдіктер арқылы мемлекеттің мүддесін сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

Көрсетілген мақсаттарды ескере отырып, мынадай міндеттерді шешу қажет: акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің жалпы мемлекеттік функцияларды (қорғаныс, қауіпсіздік, әлеуметтік бағдарламалар, табиғи монополияларды реттеу) орындарын қамтамасыз ету, сондай-ақ осы Тұжырымдамаға сәйкес анықталған өзге де мақсаттарға жету;

өндірістің дамуын ынталандыру, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту, инвестициялар тарту;

басқарушылық шығындарды оңтайландыру (жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі бар акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің санын қысқарту, басқаруға байланысты шығыстарды қысқарту);

экономикадағы институционалдық қайта құруларды жүзеге асыру (кәсіпорындарды, салаларды қайта құрылымдау, тігінен интеграцияланған құрылымдарды құру).

1.4.3. Акцияларды (үлестерді) басқарудың механизмі

Басқару органымен өзара қарым-қатынастарды құрумен қатар мемлекеттік органдардың акцияларға және мүліктің құқықтарға билік ету туралы шешімдерді тікелей қабылдауымен, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерге қатысу туралы шешімдерді қабылдауымен шектелетін мемлекеттік мүлікті басқару ж ү й е с і н і с к е ж ү з е г е а с ы р у қ а ж е т .

Мемлекеттің акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерге қатысуының әрбір жағдайына қатысты басқару органы ретінде тартылатын тұлға басшылық ететін мұндай қатысудың мақсаты анықталуы және тіркелуі тиіс. Мақсатқа жетудің тәсілдерін жекелеген жағдайларда және көрсетілген ұйымдарға мемлекеттік қызметшілерді өкілдер етіп тағайындаған кезде ғана мемлекеттік органдар анықтайды. Мақсатқа

жетудің тәсілі туралы ұсынысты басқару органдары ұсынады және конкурстық негізде б а ғ а л а н а д ы .

Уәкілетті орган бекіткен ұсыныс (басқару органы қызметінің бағдарламалары) басқару органымен жасалатын және есептілік тәртібін, есептілікке талап қоюды, бақылау нысандарын, басқару органының жауапкершілігін көздейтін шарттың ажырамас бөлігі болып қалады.

М ы н а л а р д ы :

басқару органының министрлік (ведомство) немесе жеке заңды тұлға болып табылатындығына байланысты өкілеттілігінің шектерін және мемлекеттік меншік объектісінің сипатын, басқару органы мен мемлекеттік органдардың біріншісі басқару органының өкілдігінің шегінен шығатын шешімдер қабылдаған кезде өзара әрекет е т у д і ң т ә р т і б і н ;

басқару органының қызметі туралы ақпарат алудың тәртібін және тиісті акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердегі істің жағдайын, тиісті базалар деректерін жүргізуді, ақпаратты өңдеуді;

мемлекеттің мақсатына жету тәсілі (басқару органы қызметінің бағдарламалары) туралы ұсыныстардың нысанына және мазмұнына міндетті талаптарды, басқару органының есептерін, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктер басқаруының нәтижелерін бағалау критерийлерін;

басқару органын сайлау (тағайындау) туралы басқарушылық шешімдерді, сондай-ақ басқару органының есептілігі нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдерді қабылдау кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібін, олардың қызметіне бақылауды және тиісті акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктер ісінің жағдайы туралы өзге де ақпаратты бағалауды анықтау қажет. Мемлекеттің мақсатына жетудің немесе басқару органының қызмет бағдарламасын орындаудың мүмкін еместігі негізделген кезде Қазақстан Республикасының акционерлік қоғам мен шаруашылық серіктестіктер қызметіне қатысуын тоқтату туралы не акцияларға (үлестерге) өзге тәсілмен билік ету туралы (оның ішінде акцияларды холдингтердің жарғылық капиталдарына беру өзге де тігінен интеграцияланған құрылымдарды құру жолымен), не басқару органы қызметі мақсаттарының немесе бағдарламаларының өзгеруі туралы шешім қабылдануы мүмкін. Олай болмаған жағдайда, басқару органдарына жасалған шарттардың ережелеріне сәйкес әрекет ету шаралары қ о л д а н ы л а д ы .

Басқару органымен өзара қарым-қатынастар жүйесінің басты элементі сенімді басқарушылар және компанияларды басқарушылар ретінде штатта аттестацияланған мамандар, сондай-ақ тиісті қызмет тәжірибесі, мінсіз іскер атағы бар және басқару саласында өзінің міндеттемелерін орындауды сенімді қамтамасыз ететін заңды тұлғаларды тарту басымдығы принципі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілерді акционерлік қоғамдар мен шаруашылық

серіктестіктерге өкілдер етіп тағайындау мұндай тағайындауға негіздеме (қауіпсіздік мақсатында басқару бойынша ресурстарды үнемдеу) болған кезде жүргізіледі.

Мемлекеттің меншігіндегі акцияларды (үлестерді) басқарудың мақсаттары мен міндеттері мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды болжайды:

1) акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерді сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша сыныптау. Сыныптаудың мақсаты оларға қатысты басқарудың әртүрлі механизмдерін қолдану қажет мемлекеттік меншіктегі акциялардың негізгі топтарын анықтау болып табылады.

Акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктер:

а) акциялардың өтімділігі дәрежесіне орай, оның ішінде оларды сату бюджетке едәуір түсімдерді әкелмейтін; оларды қолданылып жүрген заңнамада көзделген тәртіппен іске асыру мүмкін емес немесе экономикалық орынсыз бюджетке тез арада едәуір қаражаттың түсуімен іске асырылатын акциялар;

б) ұйымдардың салалық тиесілілігіне орай;

в) акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің қызметінде мемлекет алға қойған, оның ішінде табиғи монополиялар болып табылатын, перспективалы жоспарларды іске асырушы, әлеуметтік бағдарламаларға енгізілген белгілі бір мемлекеттік міндеттерді (қорғаныс, қауіпсіздік) қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызы бар мақсаттарға орай;

г) акцияларының санына, үлесінің мөлшеріне (ұйымдардың басқару органдарындағы дауыстарының санына) негізделген акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің қызметіне әсер ету мүмкіндігіне орай;

д) тұрақты қаржылық жағдайы бар мемлекет қатысатын; банкроттық тәуекелі бар (3 айдан астам мерзімі өткен берешегі бар, тиісті бюджет алдында немесе жалақы бойынша берешегі бар) оған қатысты банкроттық туралы іс қозғалған ұйымның қаржылық жағдайына орай;

е) қызметкерлерінің санына және заңды тұлғаның негізгі қорларының өлшеміне орай сыныпталды;

2) мемлекеттік меншікке бекітілген акцияларды басқару кезінде жалпы мемлекеттік функцияларды анықтауды және іске асыруды жүзеге асыру, оның ішінде:

министрліктер мен ведомстволардың жұмысын олар шаруашылық серіктестіктердің акцияларының мемлекеттік пакетін және үлестерін басқару процесінде үйлестіру;

акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерді басқару саласында мамандарды аттестациялаудың тәртібін белгілеу және оны өткізу;

орталық салалық атқарушы өкімет органдары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, сондай-ақ аумағында акционерлік қоғамдар орналасқан Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы өкімет органдары мамандарының ішінен акциялары мемлекеттің меншігіндегі акционерлік қоғамдардың басқару органдарына мемлекеттің өкілдерін тағайындау;

өнім өндіретін (тауарлар, қызмет көрсетулер), мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызы бар неғұрлым ірі акционерлік қоғамдардың басқару органдарында Үкіметтің, әдетте, мемлекеттік қызметшілердің, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мүддесін білдіруді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің салалық министрліктермен және ведомстволармен келісім бойынша акциялары мемлекеттік меншіктегі акционерлік қоғамдардың басқару органдарында мемлекеттің өкілдеріне дауыс беру үшін жазбаша нұсқау беру;

акциялардың мемлекеттік пакетін Үкіметтің атынан кепілдіктер түрінде, осы кепілдіктерді республикалық бюджеттің кірістеріне емес, мүлікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік борышқа жатқыза отырып пайдаланудың тәртібін белгілеу;

біртектес қызметті немесе ұқсас мақсаттарға жету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін біріктіру;

егер бұл жалпымемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажет болса және егер бұл үшін қажетті ресурстар болса, осы қоғамдарда мемлекеттің қатысуын күшейту үшін акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу;

қосымша эмиссияларды жүзеге асыру кезінде акциялардың мемлекеттік пакетінің мөлшерін (жарғылық капиталдағы мемлекеттің қатысу үлесін) сақтау механизмін белгілеу;

мемлекеттің мүддесін қамтамасыз ету үшін акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің жарғыларын қайта қарау жөніндегі шараларды қабылдау;

3) экономиканың жоғарғы табысты салаларында жұмыс істейтін, өтімді өнімді өндіретін тұрақты қаржылық жағдайы бар және едәуір инвестициялық салымдарды талап етпейтін акционерлік қоғамдарға қатысты салыққа жатпайтын түсімдерді ұлғайтуға бағытталған рәсімдерді жүзеге асыру, оның ішінде:

акцияларды аумағында акционерлік қоғам өзінің қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық меншігіне, әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі акционерлік қоғамды дамыту бағдарламасын ұсынған жағдайда республикалық бюджеттің жергілікті бюджет алдындағы қаржылық міндеттемелерінің есебіне беру;

оларды кейіннен сату бюджетке неғұрлым көп табыс түсіруді қамтамасыз ететін мемлекеттік пакетті ұлғайту үшін акциялар сатып алу;

акциялармен қамтамасыз етілген туынды бағалы қағаздарды шығару және сату; көрсетілген акцияларды туынды бағалы қағаздарды өндірушіге сенімді басқаруға бір уақытта бере отырып, белгілі бір мерзімнен кейін акцияларды сатып алуға құқық беретін туынды бағалы қағаздарды шығару;

акционерлік қоғамдарды сату алдында дайындауды және санациялауды жүзеге асыра отырып, акцияларды жекешелендіру;

жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысты - акционерлік қоғамдар бойынша

ұсыныстарға ұқсас ұсыныс, ал оларды іске асыру мүмкін болмаған кезде, ұйымның таза активтерінің есебінен анықталатын үлестің негізгі құнын ала отырып, серіктестіктің қатысушылар құрамынан шығуы;

4) инвестицияларды экономиканың нақты секторына тартуды қамтамасыз ету және отандық тауар өндірушілерді қолдау, оның ішінде:

мемлекеттік меншіктегі акцияларды мақсатты жобаларды іске асыруға бағытталған инвестицияларды немесе несиелерді қамтамасыз ету ретінде пайдалану;

акцияларды инвестицияларды тігінен интеграцияланған құрылымдарға тарту үшін пайдалану (қамтамасыз ету ретінде интеграцияланған құрылымның жарғылық капиталына енгізілген акциялар қатысады);

кәсіпорынға инвестициялау шартымен жекешелендіру процесінде акциялар сатып алатын тиімді меншік иесін тарту;

мемлекеттің жарғылық капиталға қатысу үлесін қысқарту есебінен отандық және шетелдік инвесторлар үшін кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығын арттыру ;

ұйымдардың мерзімі өткен салықтық берешегін күрделендірудің нәтижесінде мемлекеттің акцияларды сатып алуы және осы акцияларды кейіннен сатуы және сенімді басқаруға беруі;

5) басқарушылық шығындарды оңтайландыруды жүргізу, оның ішінде:

мемлекеттің меншігіндегі акциялар пакетінің санын мемлекеттің реттеуші және бақылаушы функцияларын іске асыруға мүмкіндік беретін деңгейге дейін қысқарту. Қысқарту акцияларды сату жолымен ғана емес, сонымен бірге, технологиялары немесе өткізу нарығы жағынан біртектес компанияларды басқаруды оңтайландыру, басқаруды республикалықтан аймақтық (жергілікті) деңгейге беру үшін оларды тігінен интеграцияланған құрылымдарда біріктіру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Акцияларды (үлестерді) иеліктен айыру акционерлік қоғамның немесе шаруашылық серіктестіктердің қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекет ұстанатын мақсатқа қатысудан басқа өзге тәсілмен қол жетсе;

"портфельді қорлар" үлгісі бойынша құрылатын компанияның жарғылық капиталына оларды сату туралы шешім қабылданған, бірақ сатылмаған мемлекеттің меншігіндегі акциялардың ұсақ пакетін және оларды сату бюджетке едәуір түсімдерді әкелмейтін мемлекеттің меншігіндегі акциялардың пакетін енгізу. Мұндай компания өздерінің активтеріне дербес билік ететін, акцияларды сатудың тәртібі мен мерзімдерін, оларға арналған бағаны анықтайтын құқықты алады. Компанияның (Директорлар кеңесінің) қызметіне бақылау жасау механизмін әзірлеу қажет;

ұсақ өтімсіз акциялардың мемлекеттік пакетін, оларды кейіннен нарықтық құны бойынша акционерлік қоғамның сатып алуымен, сату;

ұсақ өтімсіз акциялардың мемлекеттік пакетін, бұл пакеттерді сауда-саттықта сату мүмкін болмаған жағдайда, қызметкерлерге сату немесе қайтарымсыз беру.

б) мемлекеттік органдардың экономикадағы институционалдық қайта құруларға ықпал етуі. Экономикадағы бұл қайта құрулар акцияларды сатып алу-сату механизмін тігінен интеграцияланған құрылымдарды қалыптастыруға мүмкін болатын нысан ретінде пайдалана отырып, тиімсіз меншік иелерін бірте-бірте ығыстыруға бағытталған.

Ірі өндірістік акционерлік қоғамдардың көбісінің өнімнің әртүрлі түрлерін өндіру үшін пайдаланатын күрделі құрылымы бар. Мұндай қоғамдарға қатысты жалпымемлекеттік міндеттерді шешу үшін мемлекетке қажетті мүліктік кешенді бөле отырып, осы мүліктік кешеннің базасында мемлекет 100% қатысатын акционерлік қоғам құра және оның базасында жаңа өндірісті дамыту мақсатымен қалған мүлікті жекешелендіре отырып қайта құрылымдау жүзеге асырылуы мүмкін не мұндай акционерлік қоғамның тиімді жұмыс істеуін арттыруды қамтамасыз ететін өндірісті әртарап тандыру жүргізілуі тиіс.

Мемлекеттің меншігіндегі акцияларды (үлестерді) басқару саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру нормативтік-құқықтық кесімдерді әзірлеу және қабылдау жолымен жүзеге асырылуы тиіс.

1.4.4. Мемлекеттің меншігінде тұрған акцияларды (үлестерді) басқарудың тиімділігін бақылау

Мемлекеттің меншігіндегі акцияларды (үлестерді) басқарудың тиімділігін бақылау:

жарғылық капиталында Қазақстан Республикасының үлесі бар акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерді басқарудан республикалық бюджеттің салыққа жатпайтын кірістерін ұлғайту динамикасын;

бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміндегі мәліметтердің толықтығын;

жарғылық капиталында Қазақстан Республикасының үлесі бар акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметі туралы деректердің толықтығы мен дұрыстығын;

мемлекеттің меншігіндегі ұсақ және өтімсіз акциялар пакетімен бірге жұмыс істеу нәтижелерін (қысқарту) бағалаумен байланысты.

1.5. Жылжымайтын мүлік объектілерін басқару

1.5.1. Жылжымайтын мүлік объектілерін басқарудың жағдайын бағалау

2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республика бойынша 6106 мемлекеттік тұрғын емес қорларын жалдау шарттары жасалды. Шарттардың жалпы саны 875 республикалық меншік объектілері бойынша және 5 231 шарт коммуналдық объектілер бойынша, бұл ретте жалға берілген объектілердің жалпы алаңы 1 317,3 мың м² құрады, оның ішінде 292,69 мың м² - республикалық меншік объектілері және 1 024,57 м² коммуналдық меншік объектілері.

Жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беруден мемлекеттік бюджеттің кірістері:

Жалға беруден (мың теңге)	1997 жыл түсетін	1998 жыл кірістер	1999 жыл
500 375,7	475 901,3	433 004	

Жалға берілген мемлекеттік тұрғын емес жылжымайтын мүлік объектілерінің жалпы алаңы :

Жылжымайтын объектілерінің жалпы алаңы	1997 жыл	1998 жыл	1999 жыл
Оның ішінде республикалық объектілер	3 110,221	1 820,75	1 317,3
Оның ішінде коммуналдық объектілер	-	-	292,69
			1 024,57

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті жүргізген тексерістердің нәтижелері бойынша 1999 жылы мемлекеттік тұрғын емес қордың 170 объектілерінде жалпы сомасы 81 900 000 теңге жалдау ақысының бюджетке толық аударылмау фактілерінің анықталғандығына қарамастан, жылжымайтын мүлік кірісінің тұрақты өсу тенденциясы байқалуда.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасындағы жылжымайтын мүлікті басқарудың қолданылып жүрген жүйесі :

меншікті дәл ажыратуды жүргізуге жол бермейтін және нақты ақша ағымына бақылау жүргізуге, жылжымайтын мүлікті пайдаланудың тиімділігіне дұрыс талдау жүргізуге, тиісті бюджеттерге қаражаттың түсуінің болжамын жасауға мүмкіндік бермейтін Мемлекеттік мүліктің тізілімінде мемлекеттік жылжымайтын мүлік туралы толық ақпарат жоқтығын ;

объектілерді нарықтық бағалау жүйесінің, сондай-ақ мүліктің құнын үнемі төмендетуге, ренталы төлемдерді толық алмауға әкеп соғатын (әсіресе, инфляция жағдайында) жылжымайтын мүлікті пайдалану құқығының дәл анықтамасы жоқтығын, жылжымайтын мүліктің ең ірі меншік иесі бола отырып, мемлекет нарықтық бағадан едәуір төмен ставка бойынша мүлікті жалға беретіндіктен, сыбайлас жемқорлықты тудыратындығын ;

жылжымайтын мүліктің меншік иесі ретінде мемлекеттің өкілдігін қызметі өзара келісілмеген әртүрлі мемлекеттік өкімет органдары жүзеге асыратындығын ;

оған тиесілі жылжымайтын мүлік объектілеріне мемлекеттің құқығы заңмен белгіленген тәртіппен тіркелмегендіктен, оларға билік етуде қиындық туғызатындығын ;

жылжымайтын мүлікті пайдалануға көп нұсқалы және жеке айла-тәсіл аз пайдаланатындығын ;

құрылысы аяқталмаған объектілердің көпшілік саны айналымға тартылмағандығын

және инвестициялық тартымдылығын жоғалтатындығын ескере отырып жетілдіруді қ а ж е т е т е д і .

Осылайша, жылжымайтын мүлікті пайдаланудан алынатын кірістердің тұрақты өсу тенденциясына қарамастан, бұл кірістер қалыптасқан нарықтық көрсеткіштерден едәуір қалып қойды, бұл жылжымайтын мүлікті басқаруға айла-тәсілдің өзгеруі үшін негіздеме болып табылады.

1.5.2. Жылжымайтын мүлік объектілерін басқарудың мақсаттары мен міндеттері

Жылжымайтын мүлікті басқару жүйесін жетілдіру мынадай мақсаттарға жетуді қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с :

1. Жылжымайтын мүлік объектілерінің кірістілігін мүмкіндігінше ең жоғары өсіру;
 2. Мемлекеттің жылжымайтын мүлікті пайдалану процесінде өзінің әлеуметтік функцияларын неғұрлым тиімді орындауы;
 3. Жылжымайтын мүліктің есебінен экономиканың нақты секторын дамытуды ынталандыру, кәсіпкерлердің жылжымайтын мүлік объектілеріне ең жоғары қарапайым және ыңғайлы қол жеткізуін қамтамасыз ету;
 4. Жылжымайтын мүлікті басқару процесінде сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндікті болдырмау;
 5. Құрылысы аяқталмаған объектілерді шаруашылық айналымға қосу.
- Көрсетілген мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:
- а) сандық, құндық, техникалық және құқықтық сипатты құрайтын мемлекеттік жылжымайтын мүлік және құрылысы аяқталмаған объектілер туралы жеткілікті ақпаратты жинауды және Мемлекеттік мүліктің есебі тізіліміне енгізуді қамтамасыз ету ;
 - б) жылжымайтын мүлікті басқару процесіне қатысатын барлық мемлекеттік органдардың өкілеттігін дәл шектеу және үйлестіру;
 - в) объектілер бірыңғай тұтастықты құрайтын жағдайда олардың бір бөлігіне екіншісінсіз билік ету мүмкіндігін болдырмай басқару объектілерін қалыптастыру, мәселен, жер учаскелері мен оларда орналасқан ғимараттар мен құрылыстар;
 - г) коммерциялық ұйымдарға жер учаскелері меншікке немесе жалдау шартымен, бұл кезде бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарға және азаматтарға коммерциялық емес мақсаттарға пайдалану үшін - тұрақты (мәңгі) пайдалану құқығына берілуі тиіс деп белгілеу ;
 - д) жылжымайтын мүлікті пайдалану және сату кезінде нарықтық бағалау механизмін сөзсіз пайдалануды қамтамасыз ету. Алынатын жалдау ақысының ставкасы мен мемлекеттік жылжымайтын мүлікті сату құны рыноктағы қалыптасқан ставкалар мен бағаларға сәйкес келуі тиіс;
 - е) жылжымайтын мүлікке билік етудің әртүрлі тәсілдерін (кепіл, сенімді басқару, жарғылық капиталға пайдалану құқығын енгізу) пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті

қ ұ қ ы қ т ы қ

б а з а н ы

к ұ р у ;

ж) жылжымайтын мүлікті азаматтық айналымға ең жоғары тарту жолымен, оның ішінде ең жоғары жеңілдік жағдайымен инвесторларға аяқталмаған құрылыс объектілерін беру жолымен инвестицияларды экономиканың нақты секторына тарту үшін жағдай жасау ;

з) мемлекеттің жылжымайтын мүлік объектілерін, оның ішінде оларға жету үшін көрсетілген объектілерді сатып алу жүзеге асырылатын мақсаттарды анықтай отырып сатып алуы мәселелерін реттеу ;

и) жылжымайтын мүлікті пайдалану туралы шешім қабылдаудың бірыңғай тәртібін және шаруашылық жүргізу және жедел басқару құқығына бекітілген, сондай-ақ жалға берілетін жылжымайтын мүлікті пайдалануға қатаң бақылау белгілеу ;

к) мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерден мүлікті алып қоюдың құқықтық мүмкіндіктерін анықтау (мысалы, жылжымайтын мүлікке дұрыс билік етпеген жағдайда). Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің артық, пайдаланбаған не орынсыз пайдаланған мүлкін анықтау және алып қою ;

л) жылжымайтын мүлікті тиімді басқару үшін мемлекет өзінің мүлкін пайдалану кезінде оның басқа да қатысушыларымен қатар азаматтық айналымға қатынасатындықтан, азаматтық-құқықтыққа ұқсас жылжымайтын мүлікті басқаруға (оның ішінде түгендеуге және бағалауға) арналған шығыстарды өтеу механизмін пайдалану. Жылжымайтын мүлікті басқару жөніндегі органдарға оларды кейіннен бюджеттен қаржыландыру шотына есепке ала отырып, аударымдар нормативін анықтау ;

м) жылжымайтын мүлікті басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілерді кәсіби даярлауды қамтамасыз ету.

1.5.3. Жылжымайтын мүлік объектілерін басқару механизмі

Жылжымайтын мүлік объектілерін басқарудың мақсатына жету бұл объектілерге билік ету функциялары бір ведомствода шоғырланған жағдайда мүмкін.

Басқарудың негізгі объектісі жер учаскесінен (немесе оның үлесінен) және оған байланысты ғимараттардан, құрылыстардан (немесе олардың бөлігінен) тұратын кешенді объект болады .

Бірінші кадам, нәтижесінде олардың негізгі сипаттамасын есептеудің және жылжымайтын мүлік объектілерінің нарықтық құндық сипаттамасы туралы ақпаратты статистикалық өңдеу әдістерін пайдаланудың негізінде жылжымайтын мүлік объектілерін нарықтық бағалауды жедел жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты алу болатын жылжымайтын мүлік объектілерін жаппай түгендеу болуы тиіс.

Мемлекеттік мүліктің есебі тізілімі деректерінің негізінде мемлекет түгенделген және бағаланған жылжымайтын мүлік объектілеріне өзінің құқықтарын тіркеуі тиіс.

Келесі кадам, жылжымайтын мүлік объектілеріне билік ету жөнінде шешімдер қабылдаудың бірыңғай ережелері мен рәсімдерін өңдеу болуы тиіс. Олар мынадай

принциптерге негізделуі тиіс:

жылжымайтын мүлікті қайтарымсыз негізде берудің ерекше жағдайларын анықтай отырып, пайдаланудың қайтарымсыз түрінің сөзсіз басымдылығы, жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалану кезінде жеңілдіктерді қысқарту;
көп пайда келтіретін жылжымайтын мүлікті коммерциялық мақсаттарға пайдалану;

жылжымайтын мүлік объектілерін аймақта қалыптасқан нарықтық бағадан төмен деңгейдің ставкасы бойынша жалға беруге тыйым салу;

жылжымайтын мүлік объектілерін объектілердің тізімін барлық мүдделі тұлғаларға міндетті түрде жариялай отырып, пайдалануға беру жөніндегі іс-қимылдың айқындылығы. Екі немесе одан да көп өтініш білдірушілер болған кезде объектілерді сауда-саттық жүргізу жолымен пайдалануға ұсыну қажет;

жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалану құқықтарын ресімдеу рәсімін оңайлату және олардың мерзімдерін қысқарту. Нарықтық құн бойынша объектіні пайдаланғаны үшін жалгерлік ақы енгізген және белгіленген тәртіппен жасалған шарттың барлық ережелерін орындаған жалға алушыларға хабарлау тәртібін сақтай отырып, қосалқы жалдауға рұқсат берілуі мүмкін;

құрылысы аяқталмаған объектілерді олардың нарықтық құнын ескере отырып, инвестициялық жағдайда сату. Нарықтық құны жоқ объектілер инвесторларға мемлекеттік мүддеге сәйкес инвестициялық жобалармен қайтарымсыз пайдалануға берілуі мүмкін.

Айтылған принциптер осы Концепцияның қосымшасында көрсетілген нормативтік кесімдерде іске асырылуы тиіс.

1.5.4. Жылжымайтын мүлік объектілерін басқарудың тиімділігін бақылау

Басқарудың мақсаттарына жетуді бақылау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

мемлекеттік мүлікті пайдаланудан түсетін бюджеттердің кірістерін ұлғайту;
тиісті нормативтік құқықтық базаны уақытылы әзірлеу және қабылдау;
мемлекеттік мүлікті жалға бергені үшін ставкаларды және жалгерлік ақының нарықтық ставкаларды жақындату;

Мемлекеттік мүліктің есебі тізілімінде жылжымайтын мүлік объектілері туралы ақпараттың толықтығын қамтамасыз ету.

Шетелде тұрған мемлекеттік мүлік туралы бөлек айту керек. Негізінде олардың барлығы жылжымайтын мүлік объектілерін құрайды және сондықтан, осы мүлікке қатысты мақсаттар мен міндеттер жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты мақсаттар мен міндеттерге тұтастай ұқсас. Сонымен қатар, осы мүлікті басқарудың механизмін анықтаған кезде сыртқы экономикалық факторларды да ескеру қажет.

II бөлім. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру

II.1. Мемлекеттік жекешелендіру саясатының мақсаттары, міндеттері және принциптері

Мемлекет иелігінен шығарудың және жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын орындау барысында 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін мемлекеттік меншікті қайта құру кәсіпорындарды акционерлендіруден экономиканың жекелеген салаларын жекешелендіруге дейінгі эволюциялық жолдан өтті. Мемлекет иелігінен шығарудың және жекешелендірудің ұлттық бағдарламасының орындалуының қысқа аралық қорытындысын жасай отырып, оның алға қойған міндеттерінің негізінен орындалғаны туралы қорытынды жасауға болады, алайда, бірқатар белгіленген мақсаттарға қол жеткізілген жоқ:

жеке меншіктің кең көлемі тиімді шаруашылық субъект ретінде қалыптаспады; жекешелендіру процесінде тартылған инвестициялар көптеген кәсіпорындардың өндірістік, технологиялық және әлеуметтік дамуы үшін анық жеткіліксіз болды; экономикадағы құрылымдық қайта құру кәсіпорындардың, жұмыстарының тиімділігін ойдағыдай арттыруға әкелмеді, бірқатар салалардағы нәтиже ретінде отандық және әлемдік рыноктарда кәсіпорындардың бәсекелестік жағдайын сақтауға қол жеткізілмеді.

Санамаланған теріс бағыттарды жою үшін мемлекеттің жекешелендіру саласындағы саясатының бағытын өзгерту, мемлекеттік мүлікті басқаруға байланысты мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін әзірлеу және іске асыру қажет.

Осы Концепцияға сәйкес жекешелендіру саласындағы мемлекет саясатының мақсаты - тұтастай алғанда барлық халық шаруашылығы кешенінің жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: шаруашылық субъектілердің қызметтері үшін қолайлы ортаны құру; азаматтық айналымға мемлекеттік меншік объектілерінің ең көп санын тарту; экономикаға (нақты секторға) инвестициялық және/немесе әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне алуға және орындауға даяр инвесторларға мемлекеттік мүлікті жекешелендіру (сату) арқылы инвесторларды тарту;

кәсіпорындарды ұзақ мерзімді дамытуға бағытталған тиімді меншік иелерінің кең көлемін құру, рынокты отандық өнімдермен толтыру және оны әлемдік рынокқа алып шығу, өндірісті кеңейту және жаңа жұмыс орындарын құру; жекешелендірілетін мүліктің меншік иелерінің міндеттемелерді орындауына бақылауды қамтамасыз ету;

жекешелендірілген кәсіпорындардың меншік иесінің жауапкершілігін күшейту есебінен менеджменттің сапасын және басқарудың тиімділігін және кәсіпорындардың басшылары мен персоналдарының, олардың өндірістік қызметінің нәтижелеріне мүдделілігін айтарлықтай арттыру;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру процесінің әлеуметтік бағытталуын күшейту.

Осы Тұжырымдама мынадай негізгі принциптерге негізделеді:

а) Мемлекеттік мүліктің сол немесе өзге объектісінің мемлекет иелігінде болуының орындылығы. Мемлекеттік мүлік объектісін жекешелендіруінің орындылығы туралы шешім және оның оны пайдаланудың тиімділігін арттыру тұрғысынан басқару органының, бағалаушылардың, аудиторлардың, қаржы және заң консультанттарының ұсыныстарының негізінде нысандарын Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып негіздейді. Өнімді (тауарларды, қызмет көрсетулерді) өндіретін, Мемлекеттің экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар әрбір кәсіпорынды жекешелендіру туралы соңғы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды (мұндай стратегиялық кәсіпорындардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітуі тиіс) ;

б) Нормативтік-құқықтық базаны қолданудың тәртібі, жекешелендіру процестерін реттеудің режимдері мен әдістері Қазақстан Республикасының барлық аумағында бірыңғай болуы тиіс.

II.2. Мемлекеттік жекешелендіру саясатын іске асыру жөніндегі негізгі шаралар

Жекешелендіру саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған негізгі шаралар мыналар болуы тиіс:

1) Мемлекеттің стратегиялық мүддесіне байланысты мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге дифференцияланған әрекет ету.

Өтімділігі жоғары кәсіпорындар кәсіпорынды дамытуға бағытталған инвестициялардың мөлшері мен әлемдік деңгейге барынша жақындаған олардың іс жүзіндегі құндық бағалануын ескере отырып, кәсіпорынды сатудан мемлекеттік бюджетке түсетін қаражаттың мөлшері арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың қажеттілігін ескере отырып жекешелендіріледі.

Өтімділігі төмен кәсіпорындарды жекешелендіру іс жүзіндегі инвестицияларды жүзеге асыруға өзінің әзірлігін және асыра алатындығын кәсіпорын мен мемлекеттің алдындағы инвестициялық және әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындауды растаған меншік иелеріне ең төменгі баға бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

2) Жекешелендіру құралдарын кеңейту:

- а) мемлекеттік мүлікпен қамтамасыз етілген туынды бағалы қағаздар;
- б) биржалық және биржадан тыс рыноктарда бағалы қағаздарды сатып алу-сату;
- в) а т а у л ы с а т у ;
- г) кепілдіктен бөліп-бөліп сату (банктер және т.б.).

3) Ықтимал инвесторлар ұсынған кәсіпорындарды дамытудың ұзақ мерзімді жоспарларын мұқият талдаудың негізінде жекешелендіру шешімдерін қабылдау және инвесторлардың өздеріне қабылдаған міндеттемелерін егжей-тегжейлі регламенттейтін жекешелендіру шарттарын жасасу.

4) Осы мүдделер мемлекет мүддесімен сөзсіз сәйкес келген жағдайда ықтимал инвесторларға сүйену.

5) Жекешелендірудің, оның ішінде кәсіпорындарды сату алдындағы дайындаудың әлемдік тәжірибесін қаржылық кеңесшіні, аудиторды, бағалаушыны, заң консультантын, менеджмент бойынша консультантты тарта отырып тәжірибесін міндетті түрде ескеру.

6) Жекешелендіру кезінде мемлекеттің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мүдделерін үйлестіру.

Жекешелендіру қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді, болашақта жекешелендіруден салық салынатын базаны кеңейту нысанында пайданы алуға, қосымша жұмыс орындарын құруға, отандық рынокты отандық тауар өндірушілердің тауарларымен және қызмет көрсетулерімен толтыруға, барлық халық шаруашылығы кешенінің тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясаттың бірыңғай құрылымдық элементі ретінде қарастырылуы тиіс.

7) Жекешелендірудің әлеуметтік бағытталуын күшейту.

Жекешелендірудің тәсілдері, әдістері және құралдары қоғамның барлық деңгейіндегілер үшін бірдей құқық пен мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру туралы шешімдерді қабылдау кезінде жекешелендірілетін кәсіпорындар мен аумақтарды әлеуметтік дамыту, қоршаған орта мен азаматтардың денсаулығын қорғау мәселелерін қоса алғанда, жекешелендірудің әлеуметтік салдарын ескеру қажет. Әлеуметтік шарттармен коммерциялық конкурстар өткізу жолымен мемлекеттік мүлікті жекешелендіруді кеңінен қолдану қажет.

II.3. Жекешелендіру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың әдістері

Жекешелендіру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың әдістерінің мемлекеттік мүліктің түріне орай өзіндік ерекшеліктері бар.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерге қатысты мыналар қажет :

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің оңтайлы санын анықтау.

2. Мемлекеттік мекеменің мүліктік кешенінің бөлігін ғана жекешелендірген жағдайда бюджет пен мемлекеттік кәсіпорын арасындағы ақша қаражатын бөлу әдістемесін әзірлеу және бекіту.

3. Монополияға қарсы заңнамалардың талаптарын ескере отырып, сенімді басқарудың негізінде мемлекеттік мүлікті пайдаланатын тігінен интеграцияланған өнеркәсіптік құрылымдарды құрудың орындылығын анықтау.

4. Құрылысы аяқталмаған объектілерді, сондай-ақ мемлекеттік мұқтаж үшін пайдаланбайтын басқа мемлекеттік мүлікті жаңа өндірістерді құру мақсатында ғана жекешелендіру.

Акциялардың мемлекеттік пакетіне қатысты мыналар қажет:

1. Сыйақысы жекешелендіру кезінде алынған қаражат көлеміне байланысты болатын қаржы консультанттарын міндетті түрде тарта отырып, бюджетке қаражаттың едәуір түсуін бағдарға ала отырып, өтімділігі жоғары акциялардың мемлекеттік пакетін жекешелендіруді жүргізу.

2. Өтімділігі төмен акциялардың мемлекеттік пакеттерін жекешелендіруді жаңа меншік иесі инвестициялық және (немесе) әлеуметтік міндеттемелерді (жұмыс орнын сақтау немесе қосымша құру, экологиялық міндеттерді шешу және т.б.) қабылдаған жағдайда оларды ең төмен бағамен сату жолымен жүзеге асыру.

3. Акциялардың мемлекеттік пакетінің мөлшерін, оларды жекешелендірудің тәсілдері мен мерзімдерін акцияға ықтимал сұрау салушыларды айқындау бойынша маркетингтік зерттеулердің деректерін ескере отырып және ықтимал инвесторлардың мемлекеттің мүддесіне сөзсіз қайшы келмейтін олардың мүдделеріне бағдарлай отырып анықтау.

4. Акциялардың мемлекеттік пакетін инвестициялық салымдарды көздейтін тәсілдермен жекешелендірген кезде ең алдымен, тез қайтарым беретін салаларға бағдарлану керек. Іске асыруға жоспарланған инвестициялық бағдарламалар технологиялық қолайлы деңгейге дейінгі уақытқа ықшамдалуы тиіс.

5. Отандық және халықаралық қор рыногында орналастырылатын және олардың иелеріне мемлекеттік меншіктегі акцияларды сатып алуға мерзімді құқық беруді қамтамасыз ететін бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыру.

6. Акциялардың ұсақ мемлекеттік пакетін басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына нарықтық құн бойынша енгізу.

7. Шағын ұсақ акциялардың мемлекеттік пакетін қоғамның жарғылық капиталына мемлекеттік мүліктің нарықтық құны бойынша енгізу есебінен тосқауыл қоятыннан төмен емес деңгейге дейін арттыру немесе екінші деңгейдегі рынокта осы қоғамның акцияларын мемлекеттің меншігіне сатып алу.

Мемлекеттік жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты мыналар қажет:

1. Жер учаскесінен тұратын және онда орналасқан үйлерден, ғимараттардан, құрылыстардан және өндірістік инфрақұрылымның элементтерінен тұратын бірыңғай мүліктік кешендерін құру мәселелерін заңнамалық реттеуді жүзеге асыру.

2. Жер учаскелерімен бірге, үй-жайды қоса алғанда, жылжымайтын мүлік объектілерін жекешелендіру үшін ұйымдастыру жағдайларын, сондай-ақ жер учаскелерін жекешелендіру кезінде акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталына енгізудің мүмкіндігін қамтамасыз ету. Мұның нәтижесі кәсіпорындарды перспективалы дамыту мақсатында инвестицияларды тарту мүмкіндігінің әсері ретінде кәсіпорындар акцияларының бағамдық құнының өсуі болуы тиіс.

3. Орынды жерлерде республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің жылжымайтын мүлкінің артығын жекешелендіруді жүргізу.

4. Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау жөніндегі қызметтерге қатысуға, бұл ретте көрсетілген объектілерді пайдалану кезінде сақталуға, жөндеуге және қайта құруға мемлекет тарапынан бақылауды жүзеге асыра отырып инвесторларды тарту.

5. Орынды уақытта бюджеттік қаржыландыру және республикалық бюджеттің жергілікті бюджет алдындағы берешектерін өтеу есебінен республикалық бюджеттегі жылжымайтын мүлік объектілерін коммуналдық меншікке беру.

II.4. Кәсіпорындарды жекешелендіруді жүргізудің барысына және олардың жекешелендіруден кейін дамуына мемлекеттік бақылау

Жекешелендіруді жүргізудің барысына мемлекеттік бақылаудың мақсаты мемлекеттік мүлікті пайдалануға қатысты тәуекелді азайту, жаңа меншік иелерінің инвестициялық міндеттемелерін сөзсіз іске асыру, жекешелендіруден жоспарланған көлемде және белгіленген мерзімде қаражатты кепілді алу болып табылады.

Мемлекеттік бақылаудың мынадай кезеңдері көзделуде:

- а) мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге даярлау;
- б) жекешелендіру рәсімдерін тікелей іске асыру;
- в) жаңа меншік иесінің алған міндеттемелерді орындауы.

Дайындық кезеңіндегі бақылау өзіне мыналарды:

қаржы консультанттарын және мемлекеттік мүлікті бағалаушыларды таңдаудың конкурстық рәсімдерін бақылауды;

қаржы консультанттарының және бағалаушылардың мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге байланысты рәсімдерді орындауы кезінде олардың іс-қимылдарына кезең-кезеңмен бақылауды;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру туралы шешімді (жекешелендірілетін акциялар пакетінің мөлшерін, жекешелендірудің тәсілі мен мерзімдерін, бағасын) анықтайтын өлшемдерді таңдаудың негізділігін бақылауды, жекешелендірілетін мүлікке ықтимал сұранысты міндетті есептеуге бақылауды қамтуы тиіс.

Жекешелендіру рәсімдерін тікелей іске асыру кезеңіндегі бақылау өзіне мыналарды :

үміткерлердің инвестициялық тендерге және коммерциялық конкурсқа қатысу құқығын талдауды (іскерлік бедел, қызметтің ұзақтығы, қаражат көздері туралы м ә л і м е т) ;

инвестициялық және әлеуметтік жоспарлардың орындалуы жөніндегі бизнес-жоспарды талдауды (қабылданатын міндеттемелердің белгіленген мерзімінде іске асырылу мүмкіндігі, оларды іске асыру үшін жеке қаражаттың жеткілікті болуы, қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі) қамтуы тиіс.

Жаңа меншік иесінің өзіне алған міндеттемелерін орындау кезеңіндегі бақылау м ы н а л а р д ы :

салалық ерекшеліктерді, шығарылатын өнімнің ерекшелігін және басқа да факторларды ескере отырып, кәсіпорындардың жекешелендіруден кейінгі даму

көрсеткіштерінің жүйесін әзірлеуді;
кәсіпорындардың жекешелендіруден кейінгі даму көрсеткіштерінің жүйесін
міндетті сақтауын бақылауды қамтуы тиіс.

Мемлекеттің жекешелендіруден кейінгі бақылауы кәсіпорындарды
жекешелендіруден кейінгі қолдаумен бірге жүруі тиіс.

Мұндай қолдау өзіне мыналарды:
инвестициялық консалтингті;

қаржылық консалтингті;

заңдық консалтингті;

басқарушылық консалтингті;

кадрлық консалтингті;

ұйымдастырушылық қолдауды;

ішкі және сыртқы рыноктарда протекционистикалық қолдауды қамтуы тиіс.

II.5. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруді ақпараттық қамтамасыз ету

Жекешелендіруді ақпараттық қамтамасыз етудің басты міндеттері болып жатқан процестердің айқындылығына қол жеткізу, сондай-ақ мемлекеттің бақылауы үшін жағдай жасау және мемлекеттік меншікке қатысты тиімді шешімдер қабылдау мақсатында жекешелендірілетін мемлекеттік мүлік туралы ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы деңгейін арттыру болып табылады.

Көрсетілген міндеттерді шешу үшін:

осы мүліктің жағдайын бақылау және мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оларды пайдалану жөніндегі шешімдерді қабылдауды оңтайландыру үшін мемлекеттік меншіктің барлық элементтері туралы жүйелендірілген деректермен (акциялардың мемлекеттік пакеттері, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жылжымайтын мүлік объектілері) Мемлекеттік мүлікті есептеудің тізілімін жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру. Көрсетілген Мемлекеттік мүлікті есептеудің тізілімін жасау және жүргізу кезінде мемлекеттік мүлікті есептеу, бақылау және талдау көрсеткіштерінің бірыңғай жүйесін әзірлеуді, деректерді жаңартудың ережелері мен рәсімдерін, ақпараттарды пайдаланушылардың түрлі санаттарының қол жеткізуін шектемеу жүйесін, жалған ақпарат бергені үшін жауапкершілік шараларын іске асыруды және т.б. қарастыру қажет;

мемлекеттік меншік объектілерімен жасалатын операциялар туралы деректерді, сондай-ақ жекешелендірілетін кәсіпорындарды сату алдындағы дайындық өткізу үшін қажетті ақпаратты, олардың құнының бағасын алуды, есептеуді, сақтауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруды аяқтау қажет.

Қорытынды

Тұжырымдаманың мағынасы мемлекеттік мүліктің меншік иесінің немесе мүліктің құқықтық субъектісі өкілдіктерін мемлекеттің жүзеге асыруының реттеуімен, мүлікті пайдаланудың тиімділігін арттырумен, мемлекеттің экономиканың мемлекеттік секторындағы кірістерін арттырумен және шығыстарын оңтайландырумен ғана ш е к т е л м е й д і .

Тұжырымдаманы сабақтастықпен, жоспарлы және жүйелі іске асыру елдегі инвестициялық ахуалды сапалы жақсартудың және мемлекеттік ұлттық экономикаға қатысты - дамушы және ынталандырушы маңызды функцияларын жүзеге асырудың алғы шарттары болып табылады.

Елдегі және шет елдегі мемлекеттік мүлікті толық түгендеу, оны азаматтық айналымға тарту Қазақстан Республикасы мүлкінің балансын қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл бюджет кірістерінің есебінен емес, белгілі бір экономикалық көрсеткіштерді - құн мен өтімділікті сипаттайтын іс жүзіндегі активтердің есебінен инвесторларға кепілдіктер беру арқылы инвестицияларды тарту міндеттерін орындаудың тікелей шарты, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібінің ұқсас экономикалық тәртібін қамтамасыз ететін құқықтық режимі болып табылады. Мемлекеттік мүлікті түгендеу және жіктеу оның өтімпаздығын арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру көрсетілген мүлікті инвестициялық ресурстарды тарту кезінде қамтамасыз ету ретінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жаппай жекешелендіруден мемлекеттік мүлікті жекешелендіру туралы шешім қабылдау кезінде жеке тәсілдерді пайдалануға көшу оның айналымдық қабілетін арттырады, мемлекетке экономикалық қатынастардың толық құқықты субъектісі болуға және оған тиесілі активтердің құрылымдарын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік мүлікті барынша тиімді пайдаланудан түсетін кірістерді (ренталық төлемдер және өзге де салықтық емес түсімдер) арттыру және мемлекеттің дамушы функцияларын жүзеге асыру мүддесі үшін олардың басқару шығыстарын оңтайландыру кәсіпорынның қызметіне арналған салықты төмендету саясатын жүргізуге мүмкіндік береді және бюджеттің шығыстарымен мүлікті пайдаланудан алынған кірістердің маңызды бөлігі ұлттық экономикаға, ең алдымен іс жүзіндегі секторға, ал қалған бөлігі мемлекеттік мүлікті ұстауға және дамытуға жіберіліп, қайта қаржыландырылатындай байланысты болуы тиіс.

Мемлекеттік мүлікті басқару жүйесі шеңберіндегі кәсіпорындардың банкроттық мәселелерін жеке қарау қажет. Банкроттық рәсімдерін жүзеге асыру кезеңінде осы рәсімдерді құрайтын фискальдыққа, яғни берешектерді тез арада өндіріп алуға бағдарлану іс жүзіндегі нәтижелер бермейді. Бұл Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындар банкроттығының негізгі өзіндік ерекшелігі болып табылады. Сонымен бірге, банкроттық рәсімдерін сауатты қолдану банкротқа ұшыраған кәсіпорындардың құрылымдық өзгерістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ол болашақта салықтардың

тұрақты түсуіне, өндірістің қалыпты жұмыс істеуіне, жұмыс орны санының артуына және инвестицияларды тартуға әкеледі.

Тек кәсіпорындардың банкроттық рәсімдері кезінде ғана әлеуметтік сала объектілерін босату, іс жүзіндегі сұранысқа ие өнім өндіретін жұмыс істейін кешендерді бір мезгілде сақтай отырып, жылжымайтын мүлік объектілерінің айналымдарын тарту жүреді. Осыларды ескере отырып, банкроттық ең алдымен өндірісті сауықтыру өндірістің жаңа құрылымдық элементтерін құру мақсатында жүзеге асырылуы тиіс.

Бұдан басқа, банкроттық - тиімсіз меншік иесінен тиімді меншік иесіне меншікті қайта бөлу тәсілдерінің бірі. Банкроттық туралы мәселе - фискальдыққа қарағанда үлкен дәрежедегі инвестициялық-мүліктік мәселе. Банкроттық рәсімдері банкроттың өтімді мүлкі базасында жаңа тиімді жұмыс істейтін, үлеске мемлекет қатысуы мүмкін кәсіпорын құруға мүмкіндік береді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, мемлекеттің банкроттық рәсімдеріне кредитор ретінде қатысуы кәсіпорындарды қайта құруды жүзеге асыруға, тиімді меншік иелерін тартуға, фискальдық қысқа мерзімді мүдделерге зиян келтіре отырып кәсіпорындардың ұзақ мерзімді мақсаттарының тиімділігін арттыруға қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Мұны мемлекетке борышты капиталдандыру, оны қоғам акцияларына бағамдау және белгіленген міндеттерді шешу үшін оларды іске асыру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Тұжырымдаманы іске асырудың нақтылы құқықтық және ұйымдастыру механизмдерін құра отырып, мемлекеттің тиімді меншік иесіне айналу процесінің нәтижелері қызмет етуі тиісті Қазақстанның перспективалы стратегиялық экономикалық мүдделеріне бағдарлану қажет.